

**6D 074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Өмірбаева Ажар Ережепқызының «Бұйра түйетікен (*Carduus crispus*) экстрактысынан дәрілік қалыптар жасаудың фармацевтикалық аспектілері» тақырыбына дайындаған диссертациялық жұмысына**

## **РЕЦЕНЗИЯ**

### **1. Зерттелетін тақырыптың өзектілігі**

Жергілікті дәрілік заттарды жасау және ондіру Қазақстандық фармацевтикалық өнеркәсінтеріне өте маңызды болады.

Есіресе, жергілікті өсімдіктерді немесе басқа жергілікті табиғатты заттарды пайдалана отырып, дәрілік заттарды өндіру қауіпсіз және тиімді болып табылады. Бұндай дәрілердің тиімділігі мен қауіпсіздігі дәстүрлі медицинада пайдаланылуы мен ұзақ мерзімді тәжірибесі, негізінен, адам және жануарлар организмі үшін маңызды химиялық қосылыстардың болуына байланысты.

Өсімдіктер және өсімдік препараттар кеңінен гепатопротекторлы және қабынуға қарсы заттар түрде өте жиі пайдаланылады.

Жоғарыда келтірілген мәселелерге байланысты Өмірбаева А.Е. диссертациялық жұмысқа алынған тақырып өзекті болып табылады, гепатопротекторлы және қабынуға қарсы емдеуге арналған Бұйра түйетікен өсімдік шикізатынан алынған экстракттар мен гранулалар Қазақстан Республикасында фитопрепараттардың қатарын кеңейтуге арналған.

### **2. Диссертацияларға қойылатын талантар шегіндегі ғылыми нәтижелері**

Диссертациялық жұмыста кіріспе, әдеби шолу, зерттеу тараулары, қорытынды, пайданылған әдебиеттер тізімі көрсетілген. Кіріспеде ғылыми жұмыстың өзектілігі толық ашылған, ғылыми-зерттеу мақсаттары мен міндеттері анықталған және жұмыстың жаңалығы мен практикалық маңыздылығы көрсетілген.

Диссертацияның бірінші тарауында (әдеби шолу), автор перспективалық дәрілік осімдіктердің, бұйра түйетікен өсімдігінің сипаттамаларын және одан алған экстрактысының құрамын, медициналық практикадағы қолданылуын көрсетін, дәрілік қалыптар жасау технологиясында қолдану ерекшеліктерін сипаттайтының. Автор пайданылған әдебиеттер талдай отыра Қазақстан Республикасында, Онтүстік Қазақстан аймағында өсетін бұйра түйетікен (*Carduus crispus* L.) шөбінен экстракт пен алынған экстракт негізінде гранулалар жасаудың қажеттілігін белгілейді.

Диссертацияның екінші тарауында материалдар мен әдістер көрсетілген. Автор физика-химиялық, химиялық және микробиологиялық әдістерін талдайды.

Үшінші тарауда Қазақстандық дәрілік өсімдік шикізаты бүйра түйетікен шебінің фармакогностикалық зерттеулеріне арналған. Бүйра түйетікен шикізатының морфологиялық және анатомиялық зерттеуін жүргізген және шикізатты стандарттау әдістерін дайындағы.

Төртінші тарауда бүйра түйетікен шебінің технологиялық параметрін анықтап, қою экстрактысы негізінде алынған гранулалар технологиясын жасаған, алынған фитопрепараттардың сапасы мен құрамы анықталған.

Бесінші тарауда алынған экстрактар мен гранулалардың қауіпсіздігі мен ерекше биологиялық белсенделілігін анықтау үшін клиникаға дейінгі зерттеу және антимикробты белсенделілігін зерттеулер жүргізілген.

Өмірбаева А.Е. диссертациясының мақсаттары мен міндеттері, зерттеудің жобалауы мен алынған нәтижесі PhD диссертациялар үшін талаптарға толық сәйкес келеді және 6D074800-«Фармацевтикалық өндірістің технологиясы» мамандығына тиісті болып табылады.

### **3. Диссертацияда баяндалған нәтижелердің, қорытындылар мен тұжырымдардың негізділігі мен сенімділік дәрежесі.**

Диссертациялық жұмыстың анализі диссиденттің зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің, жұмыстың ғылыми жаңалылығының, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелердің нақты тұжырымдалғанын көрсетеді. Койылған мақсаттарды шешуге қолданылған қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу әдістері дәлелді тұжырымдар мен қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді.

### **4. Диссертацияда баяндалған ізденушінің әрбір ғылыми нәтижелердің, қорытындылар мен тұжырымдардың жаңалық дәрежесі**

Қазақстандық дәрілік өсімдік бүйра түйетікен шебінің толық зерттеуі мен бұл дәрілік өсімдіктен экстракт алынды және оның технологиялық параметрлері алғаш рет сипатталынды.

Қазақстандық дәрілік өсімдік шикізатынан алынған бүйра түйетікен экстрактысы және экстрактысының негізінде гранулалар алынды. Олардың гепатопротекторлық және айқын қабынуға қарсы биологиялық белсенделілігі мен қауіпсіздігі зерттелінді, нәтижесінде жасалған дәрілік қалыптың уыттылығы төмен екені, гепатопротекторлық қасиеті және қабынуға қарсы әсері бар екендігі анықталды.

Сонымен, диссертацияда баяндалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылардың жаңалығы жеткілікті дәрежесін қамтиды.

### **5. Алынған нәтижелердің өзара байланыстырылуын бағалау**

Койылған мақсаттары мен міндеттері зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары арқасында расталады, өзектілігі мен ғылыми жаңалылығы, практикалық маңызы және қорғауға шығарылған негізгі ережелері,

нәтижелерінің өзара бірлігінің дәрежесінің жоғарылығымен біріктіріледі. Ғылыми зерттеулердің ұйымдастырылуы, көлемі мен әдістері жұмыстың мақсатына барабар, өзара қисынды байланыскан және алынған нәтижелерінің бірлілігіне қол жеткізе бір негізді құрайды

Осылайша, жұмыс диссертацияда баяндалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар оның ғылыми жаңалығының жеткілікті дәрежесін камтиды.

## **6. Сәйкес өзекті мәселенің шешуіне алынған нәтижелердің бағытталуы**

Қазақстандық дәрілік өсімдік бүйра түйетіken шебінен алынған экстракт және экстрактысының негізінде әзірленген гранулалары, олар гепатопротекторлы және қабынуға қарсы әсер береді және осы алынған дәрілік қалыптарының артықшылықтарының бірі - олардың уыттылығы төмен екенін көрсетеді.

Тұастай алғанда, автордың алынған зерттеу нәтижелері отандық фармацевтикалық өндірісіне ірі ғылыми үлесі болып табылады.

## **7. Диссертацияның негізгі ережелерінің, нәтижелерінің және қорытындыларының жариялауының расталуы**

Жариялымдар туралы мәлімет.

Зерттеудердің қорытындысы бойынша 22 жұмыс жарияланды, оның ішінде:

- Thomson Reuters и Scopus-тың дерекқорына кірген 2 мақала, КР БФМ БФСБК-не 4 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында 14 мақала, шетел журналында 1 мақала, Ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексі базасына кіретін 1 мақала, тиімді үлгіге 1 өтінім.

## **8. Диссертацияның мазмұны және құрылымының кемшіліктері**

1) диссертация мәтінінде кейбір аббревиатураларды қалыпты түрде көрсету керек;

2) диссертация мәтінінде кейбір грамматикалық және орфографиялық қателер бар;

3) диссертация мәтінінде кейбір сөздер орыс және ағылшын тілінде жазылған;

4) кейбір кестелерде сандар көрсетілген, бірақ олардың өлшем бірліктері көрсетілмеген.

Алайда, жоғарыдағы ескертулер іргелі сипатты емес, оларды түзетуге келетінін атап өткен жөн.

«Бүйра түйетіken (Carduus crispus) экстрактысынан дәрілік қалыптар жасаудың фармацевтикалық аспектілері» тақырыбында жазылған А.Е. Өмірбаеваның диссертациясы өз бетінше жасалған, білікті, аяқталған ғылыми жұмыс ретінде көрсетілген. Диссертацияның қойылған мақсаты,

міндеттері, көлемі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелері толығымен 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша бақыланатын философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған диссертацияларға қойылатын талаптарына сай келеді.

ҚР ҰҒА академик,  
фарм. ғ. д., профессор



М.Н. Аширматова